

**Мемлекеттік монополия субъектілерінің және осы субъектілер монополиялық жағдайда болатын салалардың тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 304 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қарашадағы № 1177 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.09 № 1177 Қаулысымен.**

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік монополия субъектілерінің және осы субъектілер монополиялық жағдайда болатын салалардың тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 4 сәуірдегі  
N 304 қаулысымен

бекітілген

**Мемлекеттік монополия субъектілерінің және осы субъектілер монополиялық жағдайда болатын салалардың тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.13 N 726, 2005.10.03 N 991, 2008.02.28 N 205, 2008.04.18 N 365, 2008.07.19 N 710, 2009.11.21 N 1908 Қаулыларымен.**

Р/с N	Монополиялық жағдайда болатын мемлекеттік монополия субъектілерінің қызмет салалары	Субъектілердің атауы
1	2	3
1	Мемлекеттік орман қорының шекараларын белгілеумен, ормандарды түгендеумен және мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орман шаруашылығын жүргізуді жоспарлаумен байланысты орман орналастыру	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" қазыналық кәсіпорны
2	Мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзету	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Мамандандырылған күзет қызметі" мемлекеттік мекемелері
		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Электрондық коммерция

3	Мемлекеттік сатып алу процесін қамтамасыз ету үшін құрылатын ақпараттық жүйелер саласындағы шаруашылық жүргізуді жүзеге асыру	орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
4	Аса қауіпті зиянды организмдердің фитосанитарлық мониторингі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Фитосанитария" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
5-6	<b>Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.11.21 N 1908 Қаулысымен</b>	
7	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауру ошақтарын жою	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің "Республикалық эпизоотикаға қарсы отряд" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
8	Мемлекеттік шекарадағы ветеринарлық бақылау бекеттерінде көлік құралдарын дезинфекциялау	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
9	Ветеринарлық препараттардың республикалық қорын сақтау	
10	Тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, тауарлардың шыққан орындарының атауын, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, селекциялық жетістіктерді қорғау	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің "Ақпараттық-өндірістік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
11	Қазақстан Республикасының жеке басты куәландыратын құжаттарын жасау	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
12	Мемлекеттік гидрометеорологиялық мониторинг және қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "ҚазАлкоОрталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
13	Кәсіпорындарды этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру құқығына арналған лицензия беру алдындағы тексеру, спирт өлшейтін аппараттарды юстировкалау және есептеу құралдарына құйып бақылау	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Ұлттық тестілеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
14	Білім сапасының мониторингі, ұлттық бірыңғай тестілеу, жоғары оқу орындарына қабылдау жөніндегі кешенді тестілеу, жоғары білім бағдарламаларын іске асырушы ұйымдарды аралық мемлекеттік бақылауды және аттестаттауды жүргізу кезіндегі тестілеу	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Республикалық қан орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
15	Қан және олардың компоненттерін дайындау, консервациялау, сақтау және сату	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі "Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау
16	Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу кезіндегі сараптамалық жұмыстар	

		ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
17	Электрондық сайлау жүйесі инфрақұрылымы объектілерінің торабын ұстау және дамыту	Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
18	Объектілер мен кешендер құрылысының жобаларына мемлекеттік сараптама жүргізу	Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің "Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны